

"Бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2025 жылғы 27 маусымдағы № 61, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 маусымдағы № 330 бірлескен бұйрықтарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 шілдедегі № 41, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 12 тамыздағы № 31 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 қазандағы № 113, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 31 қазандағы № 656 бірлескен бұйрықтары және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 3 желтоқсандағы № 82, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 27 қарашадағы № 76 қаулылары

1. "Бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2025 жылғы 27 маусымдағы №61, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 маусымдағы №330 бірлескен бұйрықтарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 шілдедегі №41, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 12 тамыздағы №31 қаулыларына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бірлескен бұйрықпен және қаулылармен бекітілген Бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті қалыптастыру қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Талдамалық есепте макроэкономикалық, квазифискалдық тәуекелдер, қаржы секторының тәуекелдері, мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерімен, мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ), "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелермен байланысты тәуекелдер және басқа да ерекше тәуекелдер қамтылады және бюджеттік тәуекелдердің бюджеттік параметрлерге әсерін бағалау үшін қолданылады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджет саясаты, оның ішінде бюджет жүйесін дамыту саласында, мемлекеттік қаржыны басқару және кірістерді болжау, экономикалық саясат, инвестицияларды тарту саясаты,

мемлекеттік-жекешелік әріптестік, мемлекеттік инвестициялық жобалар, бюджетаралық қатынастар, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш, мемлекеттік активтерді басқару, Бюджет кодексында белгіленген құзыреттер шегінде гранттар тарту және пайдалану саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) бюджеттік тәуекел – орта мерзімді перспективада ішкі және (немесе) сыртқы экономикалық және (немесе) макроэкономикалық және басқа да факторлардың әсері салдарынан мемлекеттік қаржыны басқаруды қиындататын және бюджеттің шынайылығын төмендететін белгісіздік;

3) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын Ұлттық әл-ауқат қоры, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, "Астана" халықаралық қаржы орталығы органдарының, олардың ұйымдарының және қатысушыларының қызметі үшін жағдайларды қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйым;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы – "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипатқа ие, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру жөніндегі реттілікпен болатын іс-шаралар жиынтығы;

5) макрофискалдық стресс-тестілеу – елдің қаржы жүйесінің әртүрлі экономикалық және фискалдық күйзелістерге төзімділігін талдау және бағалау әдісі.

6) макроэкономикалық күйзелістер – экономикалық циклдің стандартты ауытқуларынан асып түсетін және ел экономикасына елеулі әсер ететін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердегі елеулі өзгерістер

7) ретроспективті талдау – соңғы 15 жылда Қазақстанның бюджеттік ұстанымдарына теріс ықпал еткен ірі сыртқы күйзелістердің сипаттамасы;

8) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы – "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарт негізінде жаңа өндірістерді құруды, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуді және (немесе) жаңартуды қоса алғанда, активтерді құруға және (немесе) дамытуға бағытталған дәйекті іс-шаралар жиынтығы.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Талдамалық есеп мынадай бөлімдерден және кіші бөлімдерден тұрады:

1) макроэкономикалық сценарийлер:

алдағы 5 (бес) жылға арналған кемінде 6 макроэкономикалық сценарийді сипаттамасымен бірге, базалық сценариймен алшақтықтарын талдаумен экономика үшін макроэкономикалық тәуекелдерді әзірлеуді;

әзірленген сценарийлер негізінде негізгі экономикалық айнымалыларды есептеуді: ЖІӨ-нің, экспорттың және импорттың нақты көлем индексін қоса алғанда, түйінді макроэкономикалық айнымалыларға әсерді есептеуді қамтиды;

2) макроэкономикалық сценарийлердің республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарына әсері:

әсер етудің берілу тетіктерінің сипаттамасын;

макроэкономикалық сценарийлердің кірістерге әсерін;

макроэкономикалық сценарийлердің шығыстарға әсерін;

макроэкономикалық сценарийлерді іске асырудың мемлекеттік қаржы параметрлеріне әсерін есептеуді қамтиды;

3) квазимемлекеттік сектордың міндеттемелері мен тәуекелдерін талдау:

квазимемлекеттік сектор субъектілерін ретроспективті талдау, оның ішінде мемлекет субсидиялайтын қызмет, капиталдандыру бөлігінде, Ұлттық қордың, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және басқа да көздердің қаражаты есебінен кредиттеу, дивидендтер, салық аударымдары, преференциялар, кірістілік, жекешелендіру, борыштық қағаздар бойынша ретроспективті талдауды;

квазимемлекеттік сектордың республикалық бюджетпен, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері арасындағы өзара қарым-қатынастарды талдауды ;

Үкіметтің квазимемлекеттік сектор субъектілері алдындағы міндеттемелерін талдауды, квазимемлекеттік сектордың жиынтық қаржылық жағдайын талдауды, соңғы қаржылық нәтижелерді, қаржылық тәуекелдің түйінді көрсеткіштерін, мемлекетпен мәмілелерді және квазифискалдық қызметті талдауды;

квазимемлекеттік сектордағы бюджеттік тәуекелдерді сипаттауды, сондай-ақ халықаралық практикаға сәйкес есептеу модельдерін қолдана отырып, оның экономикалық күйзелістерге бейімділігін;

квазимемлекеттік сектор борышын талдауды және болжауды қамтиды;

4) қаржы секторындағы міндеттемелер мен тәуекелдерді талдау:

әлемдік дағдарыстардың қаржы секторы субъектілерінің көрсеткіштеріне әсері бөлігінде қаржы секторын ретроспективті талдауды;

Үкіметтің қаржы секторы алдындағы барлық айқын міндеттемелерін талдау, қаржы секторының мөлшерін;

Тәуелсіз аудиттелген есептілікті ескере отырып, қаржы секторының орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қолдауды талдауды;

қаржы мекемелерінің қиын жағдайлары кезеңінде мемлекеттік көмекке байланысты қаржы секторы тарапынан бюджеттік тәуекелдерді сипаттауды;

қаржы секторындағы тәуекелдерді талдау және бағалау. Қаржылық тұрақтылықты талдау негізінде қаржы жүйесінің сенімділігін бағалауды;

банктермен байланысты бюджеттік тәуекелдерді сипаттау. Қаржы мекемелерінің қиын жағдайлары кезеңінде (жасырын тәуекел) өтімділікті қамтамасыз ете отырып, банктік депозиттердің кепілдіктері жүйесімен (айқын тәуекел) байланысты тәуекелдерді сипаттауды;

проблемалық кредиттер туралы, банктердің мерзімі өткен кредиттерінің мөлшері, өтелмеген сомалар, кредитті қайта құрылымдау тарихы туралы ақпаратты ашуды қоса алғанда, жұмыс істемейтін активтерді іске асырудың мүмкін еместігіне байланысты және тиісінше Үкіметтің банктерді қаржылық қолдауға арналған қосымша шығыстарымен байланысты Проблемалық кредиттер қорының екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерін жақсарту бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты тәуекелдерді сипаттауды;

банктердің баланстары әлсірген жағдайда Үкіметтің қаржылық қолдауға (құтқаруға) арналған қосымша шығыстарына байланысты тәуекелдерді сипаттауды қамтиды.

5) МЖӘ, "толық бітіріп берілетін" құрылыс саласындағы міндеттемелер мен тәуекелдерді талдау және бағалау;

МЖӘ жобаларын, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын іске асыру барысында туындайтын мемлекеттің тікелей міндеттемелерін сипаттауды және талдауды;

МЖӘ келісімшарттары, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттің шартты міндеттемелерінің туындауына байланысты бюджеттік тәуекелдерді сипаттауды;

МЖӘ жобалары, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттің шартты міндеттемелерінің туындауына байланысты бюджеттік тәуекелдерді талдауды және бағалауды;

МЖӘ жобаларын, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын іске асыру барысында тәуекелдерді азайту бойынша шараларды қамтиды;

б) мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің, оның ішінде: мемлекеттік борыш, квазимемлекеттік сектор борышы, мемлекет кепілдік берген борыш бөлінісінде және экспортты қолдау бойынша тәуекелдерін талдау және бағалау:

мемлекеттік борыштың, мемлекет кепілдік берген борыш құрылымы бөлінісінде және экспортты қолдау бойынша мемлекеттің борыштық міндеттемелерінің ағымдағы жай-күйін;

мемлекеттің борыштар бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетін талдауды (бюджет кірісімен салыстырғанда борыш бойынша төлемдер көлемі);

жаһандық нарықтардағы ықтимал өзгерістерге байланысты мемлекеттік қарыз тәуекелдерін стресс-тестілеу, міндеттемелерді орындау және/немесе орындамау ықтималдығы және мемлекеттік бюджетке әсерін;

берілген мемлекеттік кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелерді жабуға арналған Үкімет резервінің болуы мен жеткіліктілігін бағалауды;

қарыз алу кезеңін (қысқа мерзімді/ұзақ мерзімді) көрсете отырып, квазимемлекеттік сектор міндеттемелерінің ішкі/сыртқы борышқа бөлінуіндегі ағымдағы жай-күйіне шолуды;

квазимемлекеттік сектор борыштық жүктемесін төлем қабілеттілігі тұрғысынан талдау және бағалауды;

квазимемлекеттік сектор субъектілерін стресс-тестілеуді қамтиды;

7) өзіндік ерекшелігі бар тәуекелдер, оның ішінде: экологиялық тәуекелдер (қоршаған ортаға зиян келтіру), дүлей апаттар (су тасқыны, жер сілкінісі, көшкін, құрғақшылық және т.б.), пандемия (COVID-19 және т.б.) және басқалары.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Талдамалық есептің тәуекелдерін мониторингтеу тұрақты негізде жүзеге асырылады және оның нәтижелері мынадай:

1) бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын макроэкономикалық тәуекелдерді мониторингтеу;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор тәуекелдерін мониторингтеу;

3) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыратын қаржы секторындағы тәуекелдерді мониторингтеу;

4) бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын МЖӘ, "толығымен бітіріп берілетін" құрылыс жобалар саласындағы тәуекелдерді мониторингтеу;

5) бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелері тәуекелдерін мониторингтеу;

6) тиісті уәкілетті орган жүзеге асыратын өзіндік ерекшелігі бар тәуекелдерді мониторингтеу бағыттары бойынша салық және (немесе) бюджет саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыру, ұзақ мерзімді және орта мерзімді болжау, кезекті жоспарлы кезеңге бюджетті жоспарлау кезінде ескеріледі.";

Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 3-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 23, 24 және 25-нысандармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Экономика салаларын дамыту және инвестициялық жобаларды мониторингтеу департаменті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бірлескен бұйрықтар мен қаулыларды алғаш ресми жарияланған күннен кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтар мен қаулылардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика, Қаржы вице-министрлеріне, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасарларына жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтар мен қаулылар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы	_____ Т. Сулейменов
Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігінің Төрағасы	_____ М. Абылкасымова
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушы	_____ Д. Темирбеков
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі	_____ С. Жумангарин

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2025 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 82,
Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2025 жылғы 27 қарашадағы
№ 76,
Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 31 қазандағы № 656,
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2025 жылғы 30 қазандағы № 113
Бюджеттік тәуекелдер туралы
талдамалық есепті қалыптастыру
қағидаларына
1-қосымша

Талдамалық есептің құрылымы

Р/с №	Бөлімнің атауы	Жауапты орындаушы
1.	Макроэкономикалық сценарийлер	ҰЭМ
1.1.	Алдағы 5 (бес) жылға арналған кемінде 6 макроэкономикалық сценарийді сипаттамасымен бірге, базалық сценариймен алшықтықтарын талдаумен	ҰЭМ

	экономика үшін макроэкономикалық тәуекелдерді әзірлеу	
1.2.	Әзірленген сценарийлер негізінде негізгі экономикалық айнымалыларды есептеу: ЖІӨ, экспорттың және импорттың нақты көлем индексін қоса алғанда, негізгі макроэкономикалық айнымалыларға әсерді есептеу	ҰЭМ
2.	Макроэкономикалық сценарийлердің республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарына әсері	ҰЭМ, Қаржымині, ОМ, ҒЖБМ, ДСМ, Еңбекмині
2.1.	Әсер етудің берілу тетіктерін сипаттау	ҰЭМ
2.2.	Макроэкономикалық сценарийлердің кірістерге әсері	ҰЭМ
2.3.	Макроэкономикалық сценарийлердің шығыстарға әсері	ҰЭМ, Қаржымині, ОМ, ҒЖБМ, ДСМ, Еңбекмині
2.4.	Макроэкономикалық сценарийлерді іске асырудың мемлекеттік қаржы параметрлеріне әсерін есептеу	ҰЭМ
3.	Квазимемлекеттік сектордың міндеттемелері мен тәуекелдерін талдау;	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
3.1.	Квазимемлекеттік сектор субъектілерін ретроспективті талдау, оның ішінде мемлекет субсидиялайтын қызмет, капиталдандыру бөлігінде, Ұлттық қордың, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және басқа да көздердің қаражаты есебінен кредиттеу, дивидендтер, салық аударымдары, преференциялар, кірістілік, жекешелендіру, борыштық қағаздар бойынша ретроспективті талдау	ҰЭМ, Қаржымині
3.1.1.	Квазимемлекеттік сектордың республикалық бюджетпен, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері арасындағы өзара қарым-қатынастарды талдау	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
	Үкіметтің квазимемлекеттік сектор субъектілері алдындағы міндеттемелерін талдау, квазимемлекеттік сектордың	

3.1.2.	жиынтық қаржылық жағдайын талдау, соңғы қаржылық нәтижелер, қаржылық тәуекелдің түйінді көрсеткіштері, мемлекетпен мәмілелерді және квазифискалдық қызметті талдау	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
3.2.	Квазимемлекеттік сектордағы бюджеттік тәуекелдерді сипаттау, сондай-ақ халықаралық практикаға сәйкес есептеу модельдерін қолдана отырып, оның экономикалық күйзелістерге бейімділігі	ҰЭМ, Қаржымині
3.3.	Квазимемлекеттік сектор борышын талдау және болжау	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
4.	Қаржы секторындағы міндеттемелер мен тәуекелдерді талдау	ҰЭМ
4.1.	Әлемдік дағдарыстардың қаржы секторы субъектілерінің көрсеткіштеріне әсері бөлігінде қаржы секторын ретроспективті талдау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, ҚНРДА
4.1.1.	Үкіметтің қаржы секторы алдындағы барлық айқын міндеттемелерін талдау, қаржы секторының мөлшері	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, ҚНРДА
4.1.2.	Тәуелсіз аудиттелген есептілікті ескере отырып, қаржы секторының орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қолдауды талдау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, ҚНРДА
4.2.	Қаржы мекемелерінің қиын жағдайлары кезеңінде мемлекеттік көмекке байланысты қаржы секторы тарапынан бюджеттік тәуекелдерді сипаттау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, ҚНРДА
4.2.1.	Қаржы секторындағы тәуекелдерді талдау және бағалау. Қаржылық тұрақтылықты талдау негізінде қаржы жүйесінің сенімділігін бағалау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, ҚНРДА
4.2.2.	Банктермен байланысты бюджеттік тәуекелдерді сипаттау. Қаржы мекемелерінің қиын жағдайлары кезеңінде (жасырын тәуекел) өтімділікті қамтамасыз ете отырып, банктік депозиттердің кепілдіктері жүйесімен (айқын тәуекел) байланысты тәуекелдерді сипаттау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ

4.2.3.	Проблемалық кредиттер туралы, банктердің мерзімі өткен кредиттерінің мөлшері, өтелмеген сомалар, кредитті қайта құрылымдау тарихы туралы ақпаратты ашуды қоса алғанда, жұмыс істемейтін активтерді іске асырудың мүмкін еместігіне байланысты және тиісінше Үкіметтің банктерді қаржылық қолдауға арналған қосымша шығыстарымен байланысты Проблемалық кредиттер қорының екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерін жақсарту бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты тәуекелдерді сипаттау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ
4.2.4.	Банктердің баланстары әлсірген жағдайда Үкіметтің қаржылық қолдауға (құтқаруға) арналған қосымша шығыстарына байланысты тәуекелдерді сипаттау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, ҚНРДА
5.	МЖӘ, құрылысы "толық бітіріп берілетін" жобалар саласындағы міндеттемелер мен тәуекелдерді талдау және бағалау	ҰЭМ, Қаржымині, КМ, ЭМ, ӨҚМ, ДСМ, АШМ, ОМ, МЖӘ орталығы
5.1.	МЖӘ, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын іске асыру барысында туындайтын мемлекеттің тікелей міндеттемелерін сипаттау және талдау	ҰЭМ, Қаржымині, КМ, ЭМ, ӨҚМ, ДСМ, АШМ, ОМ, МЖӘ орталығы
5.2.	Мемлекеттің шартты міндеттемелерінің туындауына байланысты МЖӘ, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларының келісімшарттары бойынша бюджеттік тәуекелдерді сипаттау	ҰЭМ, Қаржымині, КМ, ЭМ, ӨҚМ, ДСМ, АШМ, ОМ, МЖӘ орталығы
5.3.	МЖӘ жобалары, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттің шартты міндеттемелерінің туындауына байланысты бюджеттік тәуекелдерді талдау және бағалау	ҰЭМ, Қаржымині, КМ, ЭМ, ӨҚМ, ДСМ, АШМ, ОМ, МЖӘ орталығы
5.4.	МЖӘ жобаларын, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын іске асыру барысында тәуекелдерді азайту бойынша шаралар	ҰЭМ, Қаржымині, КМ, ЭМ, ӨҚМ, ДСМ, АШМ, ОМ, МЖӘ орталығы
	Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің,	

6.	оның ішінде: мемлекеттік борыш, квазимемлекеттік сектор борышы, мемлекет кепілдік берген борыш бөлінісінде және экспортты қолдау бойынша тәуекелдерін талдау және бағалау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
6.1.	Мемлекеттік борыштың, мемлекет кепілдік берген борыш құрылымы бөлінісінде және экспортты қолдау бойынша мемлекеттің борыштық міндеттемелерінің ағымдағы жай-күйі	ҰЭМ, Қаржымині
6.2.	Мемлекеттің борыштар бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетін талдау (бюджет кірісімен салыстырғанда борыш бойынша төлемдер көлемі)	ҰЭМ, Қаржымині
6.3.	Жаһандық нарықтардағы ықтимал өзгерістерге байланысты мемлекеттік қарыз тәуекелдерін стресс-тестілеу, міндеттемелерді орындау және/немесе орындамау ықтималдығы және мемлекеттік бюджетке әсері	ҰЭМ, Қаржымині
6.4.	Берілген мемлекеттік кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелерді жабуға арналған Үкімет резервінің болуы мен жеткіліктілігін бағалау	ҰЭМ, Қаржымині
6.5.	Қарыз алу кезеңін (қысқа мерзімді /ұзақ мерзімді) көрсете отырып, квазимемлекеттік сектор міндеттемелерінің ішкі/сыртқы борышқа бөлінуіндегі ағымдағы жай-күйіне шолу	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
6.6.	Квазимемлекеттік сектор борыштық жүктемесін төлем қабілеттілігі тұрғысынан талдау және бағалау.	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
6.7.	Квазимемлекеттік сектор субъектілерін стресс-тестілеу	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
7.	Өзіндік ерекшелігі бар тәуекелдер, соның ішінде: экологиялық тәуекелдер (коршаған ортаға зиян келтіру), дүлей апаттар (су тасқыны, жер сілкінісі, көшкін, құрғақшылық және т.б.), пандемия (COVID-19 және т.б.) және басқалар	ҰЭМ, ЭТРМ, ТЖМ, ДСМ, құзыреті бойынша мемлекеттік органдар

Ескертпе:

аббревиатуралар мен қысқартулардың толық жазылуы:

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;
 Бәйтерек – "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы;
 ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;
 ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
 Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
 ЖІӨ – жалпы ішкі өнім;
 Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;
 ҚНРДА – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;
 МЖӨ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік;
 МЖӨ орталығы – "Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы" акционерлік қоғамы;
 ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
 ӨҚМ – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі;
 Самұрық-Қазына – "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы;
 ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
 ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
 ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;
 ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;
 ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі;
 КМ – Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі.

Бюджеттік тәуекелдер туралы
 талдамалық есепті
 қалыптастыру қағидаларына
 2-қосымша

Талдамалық есепті қалыптастыру үшін қажетті ақпарат пен көрсеткіштер тізбесі

Р/с №	Атауы	Жауапты орындаушы
1	2	3
Макроэкономикалық көрсеткіштер		
1.	Өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнім, миллиард теңге	ҰЭМ
2.	ЖІӨ-нің нақты өзгеруі, өткен жылға қатысты %-бен	ҰЭМ
3.	Түпкілікті пайдалану әдісімен жалпы ішкі өнім, миллиард теңге	ҰЭМ
4.	Мұнайдың әлемдік бағасы (Brent қоспасы), орташа есеппен бір жылдағы 1 барреліне АҚШ доллары	ҰЭМ

5.	АҚШ долларының теңгеге қатысты орташа жылдық бағамы	ҰЭМ
6.	Шикі мұнай өндіру, миллион тоннамен	ҰЭМ
7.	Инфляция, кезең соңында %-бен	ҰЭМ
8.	Тауарлар экспорты, миллион АҚШ доллары	ҰЭМ
9.	Тауарлар импорты, миллион АҚШ доллары	ҰЭМ
10.	Жұмыссыздық деңгейі, %-бен	ҰЭМ
11.	Бір жұмыскердің орташа айлық жалақысы, теңге	ҰЭМ
12.	Мемлекеттік борыш	ҰЭМ, Қаржымині
13.	Үкіметтік борыш	ҰЭМ, Қаржымині
14.	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышы	Қаржымині
Бюджет көрсеткіштері		
15.	Республикалық бюджеттің кірістері, миллиард теңге	ҰЭМ
16.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша республикалық бюджеттің кірістері (трансферттерді есептемегенде), миллиард теңге	ҰЭМ
17.	Ұлттық қордан берілетін трансферттер, миллиард теңге	ҰЭМ
18.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша республикалық бюджеттің шығыстары, миллиард теңге	Қаржымині
19.	Экономикалық сыныптауыш бойынша республикалық бюджеттің шығыстары, миллиард теңге	Қаржымині
20.	Үкіметтік борыштың өтелуі, миллиард теңге	Қаржымині
21.	Жергілікті бюджеттің жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсетуге арналған шығыстары, миллиард теңге	Қаржымині
22.	Жергілікті атқарушы органдар борышының өтелуі, миллиард теңге	Қаржымині
23.	Мемлекеттік борышты бағалау нәтижелері	Қаржымині
Қаржы секторы бойынша ақпарат және көрсеткіштер		
	Қаржылық есептілікке аудит жүргізу және оны кейіннен	

24.	Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорының ресми сайтында орналастыру мерзімдерін ескере отырып, Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының жылдық есептілігі	ҚР ҰБ, ҚДКҚ
25.	Қаржы секторының көрсеткіштері	ҚР ҰБ
26.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 14-нысан бойынша ЕДБ-ден экономикаға берілетін кредиттер	ҚР ҰБ
27.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 15-нысан бойынша ЕДБ-ге халықтың салымдары	ҚР ҰБ
28.	Активтерге түсетін пайданың нормасы	ҚР ҰБ
29.	Меншікті капиталға түсетін пайданың нормасы	ҚР ҰБ
30.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 16-нысан бойынша сақтандыру ұйымдарының активтері мен резервтері	ҚР ҰБ
31.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 17-нысан бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері мен меншікті капиталы	ҚР ҰБ
32.	Өткен жылғы кезеңге тұрғын-үй жылжымайтын мүлік бағасы % өзгерісі	СЖРА ҰСБ
33.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 13-нысан бойынша банк секторының қаржылық орнықтылық индикаторлары	ҚР ҰБ
34.	Қаржылық есептілікке аудит жүргізу және оны кейіннен Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорының ресми сайтында орналастыру мерзімдерін ескере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 18-нысан бойынша Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының арнайы резервінің құрылымы	ҚР ҰБ, ҚДКҚ
35.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 19-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің активтері	ҚР ҰБ

36.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 20-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің міндеттемелері	ҚР ҰБ
37.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 21-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің көрсеткіштері	ҚР ҰБ
Квазимемлекеттік сектор бойынша ақпарат және көрсеткіштер		
38.	Қаржылық есептілікке аудит жүргізу және оны кейіннен Мемлекеттік аудитті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың ресми сайтында орналастыру мерзімдерін ескере отырып, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің аудиттелген есептілігі	Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
39.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша шоғырландырылған бюджет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері арасындағы фискалдық қатынастар	Қаржымині
40.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 4-нысан бойынша республикалық бюджеттен ірі субсидиялар/трансферттер, акционерлік капиталға жарналар, қарыздар және басқа да түсімдерді алушылар	Қаржымині
41.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 5-нысан бойынша республикалық бюджетке дивидендтердің ірі төлемдеріне және өзге де төлемдерге бастамашылар	Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
42.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 6, 7-нысандар бойынша түрлеріне қарай шартты міндеттемелер (борыштық міндеттемелер, кепілгерліктер, басқа да кепілдіктер)	Қаржымині
43.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 8-нысан бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілері арасындағы негізгі операциялар	Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 9-нысан бойынша квазимемлекеттік сектор	

44.	субъектілерінің коммерциялық секторының жиынтық қаржылық көрсеткіштері	Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
45.	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің квази-фискалдық қызметі туралы ақпарат	Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
46.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына 2, 3, 4, 6-қосымшаларда белгіленген жылдық есептілік нысанына сәйкес республикалық меншіктегі квазимемлекеттік сектор субъектілері бойынша біріктірілген (жиынтық) деректер	Қаржымині
МЖӨ, "толық бітіріп берілетін" құрылыс салаларындағы көрсеткіштер		
47.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 10-нысан бойынша жергілікті атқарушы органдардың МЖӨ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері	ҰЭМ
48.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 11-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің МЖӨ және концессия жобалары шеңберінде жасалған шарттары бойынша ақпарат	Қаржымині, ҰЭМ, МЖӨ орталығы
49.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 12-нысан бойынша жергілікті атқарушы органдардың МЖӨ жобалары шеңберінде қабылдаған мемлекеттік міндеттемелері бойынша ақпарат	Қаржымині, ҰЭМ, МЖӨ орталығы
50.	МЖӨ-нің бөлінген жобалары бойынша саны, республикалық және жергілікті деңгейдегі жобалар, секторлар, инвестициялар құны, активтер, міндеттемелер бойынша ақпарат	МЖӨ орталығы
51.	Жоспарлау сатысындағы жобалар туралы, сондай-ақ қаржылық ресімдеуді аяқтау сатысына жеткен шарттар бойынша міндеттемелері бар жобалар туралы және келесі 12 ай ішінде қаржылық ресімдеуді аяқтау сатысына жететін жобалар туралы ақпарат	МЖӨ орталығы

52.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 23-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті	ҰЭМ, Қаржымині, ЖАО
53.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 24-нысан бойынша "толық бітіріп берілетін" құрылысқа жасалған шарттар бойынша ақпарат	ҰЭМ, Қаржымині, ӨҚМ
54.	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 25-нысан бойынша Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша қабылданған мемлекеттік міндеттемелері бойынша ақпарат	ҰЭМ, Қаржымині, ӨҚМ
55.	"Толық бітіріп берілетін" құрылыстың бөлінген жобалары бойынша, республикалық және жергілікті деңгейдегі жобалар, секторлар, инвестициялар құны, активтер, міндеттемелер бойынша ақпарат	ҰЭМ, Қаржымині, ӨҚМ
56.	Жоспарлау сатысындағы жобалар туралы, сондай-ақ қаржылық ресімдеуді аяқтау сатысына жеткен шарттар бойынша міндеттемелері бар жобалар туралы және келесі 12 ай ішінде қаржылық ресімдеуді аяқтау сатысына жететін жобалар туралы ақпарат	ҰЭМ, Қаржымині, ӨҚМ

Ескертпе:

аббревиатуралар мен қысқартулардың толық жазылуы:

АҚШ – Америка Құрама Штаттары;

Бәйтерек – "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы;

ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер;

ЖІӨ – жалпы ішкі өнім;

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

ҚДКҚ – Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры;

МЖӨ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік;

МЖӨ орталығы – "Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы" акционерлік қоғамы;

Самұрық-Қазына – "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы;
 СЖРА ҰСБ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар
 агенттігінің Ұлттық статистика бюросы;
 ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
 ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;
 ЖАО – жергілікті атқарушы органдар.

Бюджеттік тәуекелдер туралы
 талдамалық есепті
 қалыптастыру қағидаларына
 3-қосымша

1-нысан

Республикалық бюджеттің кірістері (трансферттерді есептемегенде)

миллиард теңге

Р/с №	Көрсеткіштер	Жауапты орындаушы	1 - ш і жоспарланған жылдың алдындағы ағымдағы жыл	Жоспарлы кезең жылы				
				1-ші	2-ші	3-ші	4-ші	5-ші
			Болжам					
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	Республикалық бюджеттің кірістері (трансферттерді есепке алмағанда)	ҰЭМ, Қаржымині						
2.	ЖІӨ-ге қатысты %-бен	ҰЭМ, Қаржымині						
3.	Салықтық түсімдер	ҰЭМ, Қаржымині						
4.	Салықтық емес түсімдер	ҰЭМ, Қаржымині, ББӨ						
5.	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	ҰЭМ, Қаржымині, ББӨ						

6.	Арнаулы түсімдер	ҰЭМ, Қаржымині, ББӨ						
----	------------------	---------------------	--	--	--	--	--	--

2-нысан

Республикалық бюджеттің шығыстары

миллиард теңге

Р/с №	Көрсеткіштер	Жауапты орындаушы	1 - ш і жоспарланған жылдың алдындағы ағымдағы жыл	Жоспарлы кезең жылы		
			Жоспар	1-ші	2-ші	3-ші
1	2	3	4	5	6	7
Әлеуметтік сала						
1.	Білім беру	Қаржымині, ББӨ				
2.	Денсаулық сақтау	Қаржымині, ББӨ				
3.	Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек	Қаржымині, ББӨ				
4.	Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	Қаржымині, ББӨ				
Нақты сектор						
5.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	Қаржымині, ББӨ				
6.	Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	Қаржымині, ББӨ				
7.	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар					

	дүниесін қорғау, жер қатынастары	Қаржымині, ББӨ				
8.	Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	Қаржымині, ББӨ				
9.	Көлік және коммуникация	Қаржымині, ББӨ				
10.	Өзгелері	Қаржымині, ББӨ				
Қорғаныс және қоғамдық тәртіп						
11.	Қорғаныс	Қаржымині, ББӨ				
12.	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	Қаржымині, ББӨ				
13.	Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	Қаржымині, ББӨ				
Өзгелері						
14.	Борышқа қызмет көрсету	Қаржымині				
15.	Трансферттер	Қаржымині, ББӨ				

3-нысан

Шоғырландырылған бюджет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері арасындағы фискалдық қатынастар

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіштер	Жауапты орындаушы	Жоспарлы кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Нақты				
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Шоғырландырылған бюджеттен	Қаржымині					

	квазимемлекеттік секторға						
2.	Субсидиялар мен трансферттер	Қаржымині					
3.	Жарғылық капиталды ұлғайту	Қаржымині					
4.	Жаңа қарыздар	Қаржымині					
5.	Өзгелері	Қаржымині					
6.	Квазимемлекеттік сектордан шоғырландырылған бюджетке	Қаржымині					
7.	Дивидендтер	Қаржымині					
8.	Пайыздар	Қаржымині					
9.	Кредит бойынша төлемдер	Қаржымині					
10.	Өзгелері	Қаржымині					
11.	Баланс	Қаржымині					
12.	Республикалық бюджеттен квазимемлекеттік секторға	Қаржымині					
13.	Субсидиялар мен трансферттер	Қаржымині					
14.	Жарғылық капиталды ұлғайту	Қаржымині					
15.	Кредиттер	Қаржымині					
16.	Өзгелері	Қаржымині					
17.	Квазимемлекеттік сектордан республикалық бюджетке	Қаржымині					

18.	Дивидендтер	Қаржымині					
19.	Пайыздар	Қаржымині					
20.	Кредит бойынша төлемдер	Қаржымині					
21.	Өзгелері	Қаржымині					
22.	Баланс	Қаржымині					
23.	Жергілікті бюджеттен квазимемлекеттік секторға	Қаржымині					
24.	Субсидиялар мен трансферттер	Қаржымині					
25.	Жарғылық капиталды ұлғайту	Қаржымині					
26.	Кредиттер	Қаржымині					
27.	Өзгелері	Қаржымині					
28.	Квазимемлекеттік сектордан жергілікті бюджетке	Қаржымині					
29.	Дивидендтер	Қаржымині					
30.	Пайыздар	Қаржымині					
31.	Кредит бойынша төлемдер	Қаржымині					
32.	Өзгелері	Қаржымині					
33.	Баланс	Қаржымині					
34.	Ұлттық қордан квазимемлекеттік секторға	Қаржымині					
35.	Субсидиялар мен трансферттер	Қаржымині					
36.	Жарғылық капиталды ұлғайту	Қаржымині					
37.	Кредиттер	Қаржымині					

38.	Өзгелері	Қаржымині					
39.	Квазимемлекеттік сектордан Ұлттық қорға	Қаржымині					
40.	Дивидендер	Қаржымині					
41.	Пайыздар	Қаржымині					
42.	Кредит бойынша төлемдер	Қаржымині					
43.	Өзгелері	Қаржымині					
44.	Баланс	Қаржымині					

4-нысан

Республикалық бюджеттен ірі субсидиялар/трансферттер, акционерлік капиталға жарналар, қарыздар және басқа да түсімдер алушылар

мың теңге

Р/с №	МК / ММ	Кәсіпорын атауы	Бюджет деңгейі	Ағын типі	Жоспарлы кезең жылы				
					5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
					Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

5-нысан

Республикалық бюджетке дивидендтердің ірі төлемдеріне және өзге де төлемдерге бастамашылар

мың теңге

Р/с №	МК / ММ	Кәсіпорын атауы	Бюджет деңгейі	Ағын типі	Жоспарлы кезең жылы				
					5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
					Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

6-нысан

Сандық бағалауға жататын шартты міндеттемелер (номиналды тәуекел)

мың теңге

Р/с	Типі	Жауапты орындаушы	Жоспарлы кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Іс жүзінде				
1	2	4	5	6	7	8	9
1.	Борыштық кепілдіктер	Қаржымині					

Қаржылық емес активтерді беру								
			Қаржымин і					

9-нысан

Квaziмемлекеттік сектор субъектілерінің коммерциялық секторының жиынтық қаржылық көрсеткіштері

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіштер	Жауапты орындаушы	Жоспарлы кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	К М С субъектілерінің саны	Қаржымині, ҰЭМ					
Рентабельділік							
2.	Таза пайда нормасы	Қаржымині, ҰЭМ					
3.	Операциялық пайда нормасы	Қаржымині ҰЭМ					
4.	Шығыстарды өтеу	Қаржымині, ҰЭМ					
5.	Активтердің рентабельділігі	Қаржымині, ҰЭМ					
6.	Меншікті капиталдың рентабельділігі	Қаржымині, ҰЭМ					
7.	Айналым капиталының рентабельділігі	Қаржымині, ҰЭМ					
Өтімділік							
8.	Ағымдағы өтімділік коэффициенті	Қаржымині, ҰЭМ					
9.	Жылдам өтімділік коэффициенті	Қаржымині, ҰЭМ					
	Дебиторлық берешектің						

10.	айналымдылық кезеңі, күндермен	Қаржымині, ҰЭМ					
11.	Кредиторлық берешектің айналымдылық кезеңі, күндермен	Қаржымині, ҰЭМ					
Төлем қабілеттілігі							
12.	Барлық міндеттемелердің активтерге қатынасы	Қаржымині, ҰЭМ					
13.	Барлық міндеттемелердің меншікті капиталға қатынасы	Қаржымині, ҰЭМ					
14.	Барлық міндеттемелердің EBITDA-ға қатынасы	Қаржымині, ҰЭМ					
15.	Пайыздарды жабу коэффициенті	Қаржымині, ҰЭМ					
16.	Пайыздардың ақшалай төлемдерін жабу коэффициенті	Қаржымині, ҰЭМ					
17.	Борышты жабу коэффициенті	Қаржымині, ҰЭМ					
Мемлекетпен қарым-қатынас							
18.	Жалпы кірістерге мемлекеттік трансферттер	Қаржымині, ҰЭМ					
19.	50% тест	Қаржымині, ҰЭМ					
Тәуекелдің жалпы рейтингі							

20.	Орташа арифметикалық мән	Қаржымині, ҰЭМ					
21.	Z-бағалау	Қаржымині, ҰЭМ					

10-нысан

Жергілікті атқарушы органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері

мың теңге

Р/с №	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті					
		Жоспарлы кезең жылы					
		1-ші		2-ші		3-ші	
		ММ ЖАО М Ж Ә лимиті	Қабылдау лимиті	ММ МЖӘ ЖАО лимиті	Қабылдау лимиті	ММ МЖӘ Ж А О лимиті	Қабылдау лимиті
1	2	4	5	6	7	8	9
	Жиыны:						

11-нысан

Қазақстан Республикасы Үкіметінің МЖӘ және концессия жобалары шеңберінде жасалған шарттары бойынша ақпарат

мың теңге

Р/с №	Мемлекеттік органның атауы	Шарттар саны	Шарттардың жалпы сомасы	Төлемдер кестесі бойынша мемлекеттік міндеттемелердің сомасы, жиыны	Мемлекеттік міндеттемелердің іс жүзінде төленген сомасы, жиыны	Басталған жылы		Аяқталған жылы	
						Жоспар	Іс жүзінде	Жоспар	Іс жүзінде
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Жиыны:								

12-нысан

Жергілікті атқарушы органдардың МЖӘ жобалары шеңберінде қабылдаған мемлекеттік міндеттемелері бойынша ақпарат

мың теңге

				Төлемдер кестесі бойынша	Мемлекеттік міндетте	Басталған жылы		Аяқталған жылы	

Р/с №	Өңір атауы	Шарттар саны	Шарттардың жалпы сомасы	мемлекеттік міндетте мелердің сомасы, жиыны	мелердің іс жүзінде төленген сомасы, жиыны	Жоспар	Іс жүзінде	Жоспар	Іс жүзінде
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Жиыны:								

13-нысан

Банк секторының қаржылық орнықтылығының индикаторлары

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіш	Жауапты орындаушы	Есепті кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Нормативтік меншікті капиталдың тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерге қатынасы, %	ҚР ҰБ					
2.	Нормативтік меншікті капитал	ҚР ҰБ					
3.	Тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер мен шартты міндеттемелер	ҚР ҰБ					
4.	Бірінші деңгейдегі нормативтік капиталдың тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерге және	ҚР ҰБ					

	шартты міндеттемелерге қатынасы, %						
5.	Бірінші деңгейдегі нормативтік капитал	ҚР ҰБ					
6.	Тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер мен шартты міндеттемелер	ҚР ҰБ					
7.	Өтімді активтердің жиынтық активтерге қатынасы, %	ҚР ҰБ					
8.	Өтімді активтер (Пруденциялық нормативтердің талаптарын а сәйкес жоғары өтімді активтер)	ҚР ҰБ					
9.	Жиынтық активтер	ҚР ҰБ					
10.	Өтімді активтердің қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасы, %	ҚР ҰБ					
11.	Өтімді активтер (Пруденциялық нормативтердің талаптарын а сәйкес	ҚР ҰБ					

	жоғары өтімді активтер)						
12.	Қысқа мерзімді міндеттемелер	ҚР ҰБ					
13.	Капиталдың активтерге қатынасы, %	ҚР ҰБ					
14.	Меншікті капитал	ҚР ҰБ					
15.	Жиынтық активтер	ҚР ҰБ					

14-нысан

Экономикаға екінші деңгейдегі банктерден берілетін кредиттер

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіш	Жауапты орындаушы	Есепті кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Экономикаға ЕДБ-дан берілетін кредиттер	ҚР ҰБ					
2.	Экономикаға ЕДБ-дан берілетін кредиттер, ЖІӨ-ге %	ҰЭМ, ҚР ҰБ					

15-нысан

Халықтың екінші деңгейдегі банктердегі салымдары

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіш	Жауапты орындаушы	Есепті кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Халықтың Қазақстан банктеріндегі салымдары	ҚР ҰБ					

2.	Халықтың Қазақстан банктерінде г і салымдары, ЖІӨ-ге %	ҰӘМ, ҚР ҰБ					
----	---	---------------	--	--	--	--	--

16-нысан

Сақтандыру ұйымдарының активтері мен резервтері

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіш	Жауапты орындаушы	Есепті кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Сақтандыру ұйымдарын ың активтері	ҚР ҰБ					
2.	Сақтандыру резервтері	ҚР ҰБ					

17-нысан

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері мен меншікті капиталы

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіш	Жауапты орындаушы	Есепті кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Б Ж З Қ меншікті капиталы	ҚР ҰБ					
2.	Б Ж З Қ активтері	ҚР ҰБ					

18-нысан

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының арнайы резервінің құрылымы

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіш	Жауапты орындаушы	Есепті кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8
	Депозиттерг е кепілдік бе ру						

1.	жүйесіне қатысушы банктердің жарналары	ҚР ҰБ, ҚДКҚ					
2.	ҚДКҚ инвестициялық кірісі	ҚР ҰБ, ҚДКҚ					
3.	ҚДКҚ кепілдік берілген өтемақы төлемдері	ҚР ҰБ, ҚДКҚ					
4.	ҚДКҚ арнайы резервінің қаражаты	ҚР ҰБ, ҚДКҚ					
5.	ҚДКҚ арнайы резервінің басқа да қаражаты	ҚР ҰБ, ҚДКҚ					
6.	ҚДКҚ ақшалай қаражаты	ҚР ҰБ, ҚДКҚ					
7.	ҚДКҚ борыштық бағалы қағаздарына инвестициялар	ҚР ҰБ, ҚДКҚ					

19-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің активтері*

МҰҢ ТЕҢГЕ

Р/с №	Көрсеткіш	Жауапты орындаушы	Есепті кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8
	Ақша қаражаттары және олардың баламалары						
1.	Алтын	ҚР ҰБ					
	Банктердегі және өзге қаржы институттар						

2.	ындағы қарыздар м е н депозиттер	ҚР ҰБ					
3.	Инвестиция лық бағалы қағаздар және басқа қаржы құралдары* *	ҚР ҰБ					
4.	Ө з г е активтер***	ҚР ҰБ					
5.	Активтердің барлығы	ҚР ҰБ					

20-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің міндеттемелері*

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіш	Жауапты орындаушы	Есепті кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Айналымда ғы ақша	ҚР ҰБ					
2.	Банктердің және өзге қаржы институттар ы н ы ң шоттары м е н депозиттері	ҚР ҰБ					
3.	Ұлттық қордың ағымдағы шоттары	ҚР ҰБ					
4.	Қаржы министрлігі н і ң ағымдағы шоттары	ҚР ҰБ					
5.	Шығарылға н борыштық бағалы қағаздар	ҚР ҰБ					

6.	Өзге міндеттемелер	ҚР ҰБ					
7.	Міндеттемелердің барлығы	ҚР ҰБ					

21-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің көрсеткіштері

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіш	Жауапты орындаушы	Есепті кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Жарғылық капитал	ҚР ҰБ					
2.	Шетел валютасын, валюталық туынды қаржы құралдарын және бағалы металдарды қайта бағалау резерві	ҚР ҰБ					
3.	Жинақталған шығындар	ҚР ҰБ					
4.	Өзге меншікті капитал	ҚР ҰБ					
5.	Меншікті капиталдың барлығы	ҚР ҰБ					

22-нысан

Екінші деңгейдегі банктің пайда нормалары

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіш	Жауапты орындаушы	Есепті кезең жылы				
			5-ші	4-ші	3-ші	2-ші	1-ші
			Іс жүзінде				
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Активтерге түсетін	ҚР ҰБ					

	пайданың нормасы						
2.	Меншікті капиталға түсетін пайданың нормасы	ҚР ҰБ					

23-нысан

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттері

мың теңге

Р/с №	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар	Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиттері					
		Жоспарлы кезең жылы					
		1-ші		2-ші		3-ші	
		Үкімет пен Ж А О лимиті	Қабылдау лимиті	Үкімет пен Ж А О лимиті	Қабылдау лимиті	Үкімет пен Ж А О лимиті	Қабылдау лимиті
1	2	4	5	6	7	8	9
	Барлығы:						

24-нысан

"Толық бітіріп берілетін" құрылысқа жасалған шарттар бойынша ақпарат

Р/с№	Мемлекеттік органның атауы	Шарттардың саны	Шарттардың жалпы сомасы	Төлемдер кестесі бойынша мемлекеттік міндеттемелер сомасы, жиыны	Мемлекеттік міндеттемелердің нақты төленген сомасы, жиыны	Басталу жылы			Аяқталу жылы
						Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Барлығы:								

25-нысан

Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдардың "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша қабылданған мемлекеттік міндеттемелері бойынша ақпарат

мың теңге

				Төлемдер кестесі бойынша мемлекет	Мемлекеттік міндетте	Басталу жылы		Аяқталу жылы	

Р/с №	М О атауы	Шарттардың саны	Шарттардың жалпы сомасы	т і к міндетте мелер сомасы, жиыны	мелердің нақты төленген сомасы, жиыны	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Барлығы:								

Ескертпе:

аббревиатуралар мен қысқартулардың толық жазылуы:

ББӨ – бюджеттік бағдарламалар әкімшілері;

БЖЗҚ – "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы;

ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер;

ЖІӨ – жалпы ішкі өнім;

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

ҚДКҚ - Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры;

МЖӨ ММ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер;

МК – Мемлекеттік корпорация (коммерциялық негізде жұмыс істейтін квазимемлекеттік сектор субъектісі);

ММ – мемлекеттік басқару (коммерциялық емес негізде жұмыс істейтін квазимемлекеттік басқару субъектісі);

ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

ШМ – шартты міндеттеме;

EBITDA – пайыздарды, салықтарды, тозу мен амортизацияны шегергенге дейінгі пайда.

* Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп деректеріне сәйкес. Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің баптарының құрылымы ҚР ҰБ аудиттелген есебінің өзгеруіне байланысты қайта қаралады.

** Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің мынадай баптарын қамтиды: пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары; өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар; амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар;

*** Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің мынадай баптарын қамтиды: қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар; негізгі құралдар; материалдық емес активтер; ағымдағы салық активі; кейінге қалдырылған салық активтері; өзге де активтер;

**** Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің мынадай баптарын қамтиды: пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы

құралдары; "РЕПО" мәмілелері; клиенттердің шоттары; бағалау міндеттемелері; ағымдағы салық міндеттемелері; кейінге қалдырылған салық міндеттемелері; өзге де міндеттемелер;

***** Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің мынадай баптарын қамтиды: кепілдендірудің арнайы резерві; негізгі құралдарды қайта бағалау резерві; қаржы активтерінің әділ құнының өзгерістер резерві; өзге резервтер; бақыланбайтын акционерлердің үлесі.